

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ
НАРЫҒЫН ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫН
РЕТТЕУ МЕН ҚАДАҒАЛАУ АГЕНТТІГІ**

№ 224 БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗИ

«Депозиттерді қабылдау және жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу бөлігінде «Данабанк» акционерлік қоғамына банктік және өзге де операцияларды жүргізуге берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы»

«Данабанк» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Данабанк» АҚ) нормативтік құқықтық актілерді жүйелі түрде (он екі жүйелі күнтізбелік ай ішінде үш және одан да көп рет) бұзғаны үшін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабының 2-тармағының б) тармақшасы, 48-бабының 1-тармағының з) тармақшасы негізінде Банкке депозиттерді қабылдау және жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу бөлігінде, банктер ұлттық және шетел валютасында жүзеге асыратын банктік және өзге де операцияларды жүргізуге берілген лицензияның қолданылуын 2010 жылғы 1 қазаннан бастап үш ай мерзіміне тоқтата тұру туралы 2010 жылғы 03 қыркүйектегі № 145 қаулысын қабылдады.